

# АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ШАРТ

Алматы қ.

“ ” \_\_\_\_\_ 201\_\_ ж.

Осымен «Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Биржа» деп аталады,

## 1-БӨЛІМ.

### ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

«Биржа» - «Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» акционерлік қоғамы.

«Клиент» - ақпараттық Қызметтер алуды қалайтын кез келген мүдделі тұлға.

«Оферта» - осы публикалық ұсынысты қамтитын Шартты жасасу туралы барлық маңызды шарттары бар ұсыныс.

«Офертаны акцептілеу» – Клиенттің Шарт шарттарын толық және сөзсіз қабылдауы.

«Ақпараттық қызметтер» - Биржа жүргізген саудалардың барысы және/немесе нәтижелері туралы мәліметтер.

«Электрондық жіберілім» - Клиенттің ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қызмет.

«Жазылу» - Клиентті Биржаның ақпараттық қызметтеріне Жазылу парағына қол қою арқылы Клиенттің қолжетімділігі.

## 2-БӨЛІМ.

### ШАРТТЫҢ НЫСАНЫ

2.1. Ақпараттық қызметтер көрсету туралы Шарт бойынша Биржа Клиентке ол тандаған ақпараттық қызметтерді ұсынуға міндеттенеді.

2.2. Шарт Клиент Жазылу парағына қол қойған кезден бастап жасасылған болып есептеледі.

2.3. Қызметтер Клиент Жазылу парағында көрсеткен электрондық мекен-жайға электрондық жіберілім арқылы ұсынылады:

- күнделікті жіберілімде – есепті күннен кейінгі келесі жұмыс күнінің сағат 11:00-ге дейін;
- апталық жіберілімде – есепті аптадан кейінгі аптаның сағат 16:00-ге дейін бірінші жұмыс күні;
- ай сайынғы жіберілімде – есепіден кейінгі айдың 15-інші (Он бесінші) жұлдызына дейін.

## 3-БӨЛІМ.

### ШАРТТЫҢ МЕРЗІМІ

3.1. Шарт жасасылған кезден бастап күшіне енеді және 2014 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

3.2. Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапты жазбаша хабардар ете отырып Шартты біржақты тәртіппен бұза алады.

3.3. Шарт мерзімі өткеннен кейін Тараптардың ешқайсысы оны бұзуды талап етпеген жағдайда, Шарт тағы бір жылға ұзартылған болып есептеледі.

## 4-БӨЛІМ.

### ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚҰНЫ МЕН ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

4.1. Шарт бойынша Қызметтердің құны бекітілген Тарифтерге сәйкес айқындалады.

4.2. Қызметтер үшін ақы Клиент тарапынан ай сайын Биржа берген шот негізінде жүзеге асырылады.

4.3. Ақы Биржаның Жазылу парағында көрсетілген банктік шотына ақша аударымы жолымен қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүргізіледі.

4.4. Қызметтерді көрсету фактісі Тараптар арасында Көрсетілген қызметтер актісіне қол қою арқылы расталады.

## 5-БӨЛІМ.

### ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Биржа құқылы:

- 5.1.1. Клиенттен Шарт шарттарын тиісінше орындауын талап ету;
- 5.1.2. Мынадай жағдайларда Қызметтерді ұсынуды тоқтата тұру:
- Клиенттің Қызметтер құнын төлеу мерзімдерін бұзуы;
  - Биржаның Клиент іс-қимылдарының осы Шарттың ережелері мен шарттарын бұзатынын негізді есептеген кезі.
- 5.1.3. Тарифтерді біржақты тәртіппен өзгерту;
- 5.2. Биржа міндеттенеді:**
- 5.2.1. Клиентке Қызметтерді уақтылы және тиісінше көрсету;
- 5.2.2. Клиентті деректемелердің өзгергені туралы хабардар ету;
- 5.2.3. ҚР жеке деректер туралы заңнаманы сақтау.
- 5.3. Клиент құқылы:**
- 5.3.1. Шарттың қолданылуы кезінде кез келген уақытта ақпараттық Қызметтердің бір түрінен екіншісіне ауысу;
- 5.3.2. Биржаны кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын жазбаша хабардар ете отырып, кез келген уақытта Шартты орындаудан бас тарту.
- 5.4. Клиент міндеттенеді:**
- 5.4.1. Шарт пен Тарифтерге сәйкес Қызметтер құнын уақтылы және толық мөлшерде төлеу;
- 5.4.2. Деректемелердің өзгергені туралы Биржаны хабардар ету;
- 5.4.3. Қызметтер ұсыну барысында алынған ақпаратты жарияламау немесе таратпау.

## **6-БӨЛІМ.**

### **ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

- 6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда ҚР заңнамасына сәйкес жауапкершілік тартады.
- 6.2. Клиент Биржаға Қызметтер ақысын уақтылы және/немесе толық мөлшерде төлемеген жағдайда, Клиент Биржаға мерзімі өткен сома бойынша ай сайынғы 0,1% мөлшерінде айыппұл (тұрақсыздық айыбы) төлейді.
- 6.3. Биржа еңбек дауыларына байланысты электрондық жіберілімді жіберуді кешіктіргені үшін Клиент алдындағы жауапкершіліктен босатылады.

## **7-БӨЛІМ.**

### **ДАУЛАР ШЕШУ ТӘРТІБІ**

- 7.1. Тараптар арасында осы Шарт бойынша туындаған барлық дауларды немесе келіспеушіліктерді келіссөздер жолымен шешуге тырысады.
- 7.2. Даулар келіссөздер жолымен реттелмеген жағдайда, олар ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

## **8-БӨЛІМ.**

### **ӨЗГЕ ДЕ ШАРТТАР**

- 8.1. Шартқа қосылу арқылы Клиент Шарт шарттарын толық және сөзсіз қабылдауын растайды.
- 8.2. Публикалық Оферта болып табылатын осы Шарт ақпараттық қызметтерді барлық мүдделі тұлғаларға ұсыну бойынша Биржаның міндеттемесін белгілейді.
- 8.3. Жазылу парағы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

## **9-БӨЛІМ.**

### **ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ МЕН ҚОЛДАРЫ**

<b>БИРЖА</b>	<b>КЛИЕНТ</b>
<b>«Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ</b>	
Мекен-жайы: ҚР, 050051, Алматы қ., Достық д-лы, 136, телефон: 8 727 244 57 80 факс: 8 727 244 57 79 БСН 081240005976	Мекен-жайы: телефон: факс: БСН Банктік деректемелер:

Банктік деректемелер: Есеп айырысу шоты: KZ606010131000111095 БСК HSBK KZKN КБЕ 15 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ	Есеп айырысу шоты: БСК КБЕ
Биржа атынан  _____ К.Ч. Оразаев М.О.	Клиент атынан  _____ М.О.

1-қосымша  
Ақпараттық қызметтер көрсету туралы Шартқа

**ЖАЗЫЛУ ПАРАҒЫ**  
Ақпараттық қызметтер көрсету туралы Шартқа

(ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын көрсете отырып ұйымның толық атауы) мекен-жайда тіркелген  
 (құрылтай құжаттарында көрсетілген орналасқан жер, тіркеу орнының мекен-жайы) тұлғасында \_\_\_\_\_  
 (лауазымы, Т.А.Ж.),  
 негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_  
 (жарғы/сенімхат № \_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201\_\_ жылғы)

- 1) «Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ (бұдан әрі – Биржа) ұсынған Ақпараттық қызметтер көрсету туралы Шартқа қосылады;
- 2) осы Жазылу парағын Биржаға берген кезден бастап Шарттың тарапы болып табылатынын растайды;
- 3) Биржаның Шартқа өзгерістер енгізуге және Тарифтерді өзгертуге бірқатар тарапты тәртіппен құқығы бар екенімен келіседі;
- 4) өзінің электрондық пошта мекен-жайының дұрыстығын растайды:

\_\_\_\_\_ (Клиенттің электрондық поштасын көрсету қажет)  
жіберілім.

5) ҚР «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» 21.05.2013 ж. Заңын орындау мақсатында Клиент осымен растайды:

*«Осымен Биржаның менің жеке деректерімді жинауына, өңдеуіне және сақтауына келісімімді растаймын \_\_\_\_\_*

*(Клиент жеке тұлға болса оның қолы)*

Біздің деректемелеріміз (клиент)
Толық атауы: Мекен-жайы: телефон: факс: БСН: Банктік деректемелер: Есеп айырысу шоты: БСК КБЕ

Осы Жазылу парағын Биржаға беру күні

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 \_\_\_\_\_ жылы.

\_\_\_\_\_  
Ұйым басшысының (уәкілетті тұлғаның) лауазымы мен Т.А.Ж.

\_\_\_\_\_  
Ұйым басшысының (уәкілетті тұлғаның) қолы, М.О.

Осы жазылу парағын алды:

\_\_\_\_\_  
К.Ч. Оразаев

Басқарма Төрағасы

«Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ

М.О.

